

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА
ASTANA
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

**COLLECTION OF REPORTS
of the International scientific and practical conference
«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

АСТАНА, 2024
ASTANA, 2024

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)
Қ 18

Редакциялық алқа:

Мақыш С.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Жағыпарова А.О. - Экономика факультетінің деканы

Ажмухамедова А.А. - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Мажитов Д.М. - «Қаржы» кафедрасының профессоры

Бұлақбай Ж.М. - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Майдырова А.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

Сембиева Л.М. - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

Аманова Г.Д. - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

Мухияева Д.М. - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Искаков Б.М. - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

Қ 18 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-934-0

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)

ISBN 978-601-337-934-0

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

Список использованных источников:

1. Мишкин, Фредерик С. Экономическая теория денег, банковского дела и финансовых рынков, 8-е издание: Пер. с англ. - М.: ООО "И.Д. Вильямс", 2018. - 880 с.
2. Мусина А.А. Коммерческий банк в системе финансового посредничества: теория, методология, практика. - Астана: ИПЦ КазУЭФМТ, 2011.- 379с.
3. Текущее состояние банковского сектора на 01.01.2017 - 2023 гг.// Интернет-ресурс: <https://www.gov.kz/memleket/>.
4. Казахстанские банки заработали 2 трлн тенге с начала года//Интернет-ресурс:<https://www.banker.kz/news/kazakhstanskie-banki-zarabotali-2-trln-tenge-s-nach/>.

ӘОЖ (336.71)

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ АКТИВТЕРІН ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖОЛДАРЫ

Хамитхан Н.

доктор PhD., доцент м.а. Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана қ., Қазақстан Республикасы
Khamitkhan_nazgul@mail.ru

Андатпа. Мақалада банк активтерінің түсінігі мен құрылымы және табыс әкелетін негізгі көздері анықталды. ҚР коммерциялық банктерінің активтерінің сапасы мен құрылымына талдап және бағалай отырып ҚР банк секторының активтері мен несие портфелінің (негізгі борыш) динамикасындағы өзгерістерді анықтау. Сонымен қатар, ҚР банк секторы активтерінің, несие портфелінің және 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздардың (NPL) динамикасы көрсетілген. Нәтижесінде ЕДБ-дің жоғары өтімді активтер мен өтімді активтер және төменгі өтімді активтермен жұмыс істейтін коммерциялық банктер анықталды. Осы талдаулар мен бағалаулардағы айқындалған мәселелердің шешу жолдары тұжырымдамалармен берілген.

Кілт сөздер. Банк активтер, инвестиция, табысты активтер, несие портфелі, актив сапасы.

Аннотация. В статье определены понятие и структура активов банка и основные источники, приносящие доход. Выявление изменений в динамике активов банковского сектора РК и кредитного портфеля (основного долга) с анализом и оценкой качества и структуры активов коммерческих банков РК. Также показана динамика активов банковского сектора РК, кредитного портфеля и просроченных займов (NPL) более чем на 90 дней. В результате были определены высоколиквидные активы БВУ и ликвидные активы, а также коммерческие банки, работающие с низколиквидными активами. Пути решения определенных проблем в этих анализах и оценках представлены концепциями.

Ключевые слова. Банк активы, инвестиции, прибыльные активы, кредитный портфель, качество активов.

Annotation. The article defines the concept and structure of bank assets and the main sources of income. Identification of changes in the dynamics of assets and loan portfolio (principal debt) of the banking sector of the Republic of Kazakhstan, analyzing and evaluating the quality and structure of assets of commercial banks of the Republic of Kazakhstan. In addition, the dynamics of assets of the banking sector of the Republic of Kazakhstan, loan portfolio and overdue loans (NPL) for more than 90 days is shown. As a result, commercial banks operating with high liquid assets and liquid assets of STBs and low liquid assets were identified. The ways to solve the identified problems in these analyzes and assessments are given by the concepts.

Keywords. Bank assets, investment, profitable assets, loan portfolio, asset quality.

Банк активтері-бұл банк пайда табу мақсатында инвестициялайтын материалдары және ақшалай қаражаттары.

Банк активтеріне келесілер жатады:

- ақшалай қаражаттар (кассадағы, банктің қоршотындағы);
- бағалы металдар;
- қарыздар (көмек қарыздар, лизинг) мен кепілдіктер;
- инвестициялар (банк сатып алатын бағалы қағаздар, ұзақ мерзімді қарыздар, т.б.);

- негізгі қаражаттар;
- тағы басқалар (есептердегі қаражаттар, әр түрлі дебиторлар).

Банктің барлық активтері табысты және табыссыз деп бөлінеді. Оларды топтарға бөлу қандай да бір мөлшерде шартты болып келеді, себебі соңында барлық активтер табысты қалыптастыруға қатыстады: біреулері тікелей, ал басқалары табысты алуға жанама әсер етеді.


Ең алдымен табысты активтерге бағалы қағаздар несиелері, инвестициялар, қаржылық жалға берілген материалды-техникалық активтер (лизинг) жатады. Табысты активтер - бұл нарықтық бағасы көтерілген немесе инфляция жағдайында пайда алып келетін бағалы металдар мен бағалы тастар, шетел валюталары [1].

Банк активтерінің негізгі табыс әкелетін көздері:

Несилік операциялар - бұл пайыздар және комиссиялар түрінде пайда әкелетін банк клиенттеріне қарыздарды беру бойынша операциялар. Олар коммерциялық банктер активтерінің негізін қалайды, себебі, біріншіден, оларды сәтті орналастыру пайданы табуға әкеледі және банктердің сенімділігі мен тұрақтылығының өсуіне жағдай жасайды, ал несиелеудегі сәтсіздіктерге олардың кедейленуі мен банкроттылығы әсер етеді, екіншіден, банктер ел экономикасының дамуына инвестицияларды несиелеу үшін өзінің және тартылған ресурстарды жинақтауға арналған, үшіншіден, оны сәтті жүзеге асырған жағдайда, бұл қызмет барлық оның қатысушыларына: банктер, қарыз алушылар мен жалпы қоғамға пайда алып келеді.

Инвестициялық операциялар - бұл банктің өз ресурстарын бағалы қағаздарға орналастыру бойынша операциялар мен бірігіп кәсіпкерлік қызмет ету мақсатында қаржылық емес ұйымдардың жарналары. Қандай да бір бағалы қағаздар түрлерін сатып ала отырып, банктер белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылады, олардың ішінде негізгілеріне салымдардың қауіпсіздігі, табыстылығы, салымдардың өсімі және өтімділігі жатады [2].

ҚР коммерциялық банктерінің активтерінің сапасы мен құрылымына талдау және бағалау қажет, есепті база ретінде ҚР банк секторында коммерциялық банктерді жылдық есеп беру пайдаланылды.



Сурет 1 - ҚР банк секторының активтері мен несие портфелінің (негізгі борыш) динамикасы (трлн тг)

Ескерту – [3] дереккөз автормен құрастырылған.


1 - сурет 2020 жылы банк секторының активтері 16,4%-ға өсіп, 31,2 трлн теңгені құрады. 2021 жылы бұл көрсеткіштер 20,70%-ға өсті, бұған басты себеп көптеген комерциялық банктер пандемия әсерінен кейін, клиентерді инновациялық тұрғыда тарта білді. 2022 жылғы көрсеткіштер, сәйкесінше банктер пайдасына бұл жылғы өсім 18,45%-ды құрады.

Өтімді активтердің ең үлкен үлесі Қытай банкінде (91,5%), City (87,95%), Kassa Nova (87,5%), Shinhan Bank (74,3%), Bank of Pakistan (68,7%), TPBC (68,2%).) және Jysan Bank (63,4%).

Басқа банктердің ішінде айтарлықтай өтімділігі бар: АТФ – 54,8%, Forte – 52,9%, Альфа – 49,9%, Халық банкі – 48,7%, Еуразиялық – 44,6%, Нұрбанк 47,4%, Сбербанк – 44,4%, Kaspi – 44,0%. активтер бойынша.

Ал 2022 жылы Ең төменгі көрсеткіштер AsiaCredit (0,68%), Capital Bank (11,7%) банктерінде байқалады. Бұл көрсеткіш 20%-дан төмен болуы мүмкін өтімділік мәселесін көрсетеді. 2020 жылы Азия Кредит (-88,1 пайыз), Пәкістан Банкі (-9,9 пайыз) және Хоум Кредит (-8,0 пайыз) өтімділіктің ең төменгі мәнін көрсетті [3].

2022 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 22 екінші деңгейлі банктер құрайды, оның ішінде 13-і шетелдік қатысуы бар банктер, оның ішінде 10 еншілес банктер [4].



Сурет 2 - ҚР банк секторы активтерінің, несие портфелінің және 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздардың (NPL) динамикасы (трлн тг)

Ескерту – [5] дереккөз автормен құрастырылған

2-сурет банк секторының активтері ағымдағы жылдың тамыз айында 2,9%-ға ұлғайып, (1,2 трлн теңгеге) 41,5 трлн теңгені құрады (жыл басынан бері өсім – 10,3% немесе 3,9 трлн. теңге). Активтердің өсуі өтімді активтердің 5,7%-ға немесе 1 008 млрд теңгеге және несиелік портфельдің 1,1%-ға немесе 246 млрд теңгеге ұлғаюы нәтижесінде болды (кесте 1).

Өтімділігі жоғары активтер 12,6 трлн теңгені немесе активтердің 30,4%-ын құрады, бұл банктерге клиенттер алдындағы міндеттемелеріне толық көлемде қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

2022 жылғы тамызда экономикаға берілген несиелер 1,6%-ға өсіп, 20,7 трлн теңгені құрады. Бұл көрсеткіштің өсімі 2022 жылдың басынан бері 11,8% немесе 2,2 трлн теңгені құрады.

2022 жылғы тамызда ұлттық валютадағы несиелер 1,9%-ға өсіп, 19,0 трлн теңгені құрады, шетел валютасындағы несиелер 2,5%-ға азайып, 1,7 трлн теңгені құрады.

2022 жылғы 2-ші тоқсанда геосаяси шиеленістің өсуі, Ресейге қарсы санкциялардың күшеюі, әлемнің кейбір елдерінде карантиндік шектеулердің енгізілуі, жоғары сыртқы инфляциялық жағдай, дамыған елдерде ақша-кредит саясатының күшеюі және азық-түлік пен энергетикалық тауарлар бағасының жоғары болуы байқалды. Мұндай жағдайларда жаһандық рецессия ықтималдығы ұлғайды, бұл қысқа және орта мерзімді кезеңде Қазақстандағы дамудың макроқаржылық жағдайларының нашарлауына алып келді.

FCI жиынтық индексі бағытындағы өзгеріс экономикалық өсудің 2022 жылғы 1-тоқсандағы 5,2%-дан 2022 жылғы 2-тоқсанда 4,0%-ға (ж/ж) дейін баяулауын көрсете отырып, талаптардың қатандатылуын көрсетеді. Сонымен қатар, барлық FCI қосалқы индекстерінде талаптарды

қатаңдату жағдайлары байқалады. Сыртқы сұраныс талаптарының жақсаруы бәсеңдеген кезде ішкі FCI, борыш жүктемесінің индексі және сыртқы FCI бойынша қатаңдату ең жоғары деңгейді көрсетті.

Зерттеулерге сүйене отырып банктердің активін басқаруды жетілдіруге байланысты төмендегі тұжырымдар мен ұсыныстарды жасауға мүмкіндік береді:

- Банктің активтерін басқару ұғымын анықтау барысында әр түрлі ғалымдардың көзқарастарына жасалған зерттеулер, коммерциялық банктің активтерін теңгерімді басқару деп банктің стратегиясына сәйкес, өтімділік пен табыстылықты қамтамасыз ететін теңгерімді банк балансының активтері мен пассивтерінің құрылымдарын қалыптастыру және оған ықпал ететін қаржылық тәуекелдерді жүйелі түрде басқару шараларын түсіну туралы автордың тұжырымын қалыптастыруға негіз болды. Сонымен қатар, банк активтерін басқаруды осылайша түсіну тәсілі мынадай жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: берілген тәуекел деңгейінде банктің өтімділігі мен табыс алуын қамтамасыз ететін активтердің ықшамды құрылымын жасауға, яғни активтер табыстылығы мен пассивтер шығысының арасындағы айырманың оң болуын қамтамасыз ететін активтер мен пассивтер құрылымын құруға.

- Бәсекелестігіне және нарықтағы ұстанымдарына қарай топтастырылған екінші деңгейдегі банктердің капиталына жасаған талдаулардан, капитал деңгейін өтімділік тұрғысынан жетілдіру мақсатында мынадай ұсыныстар жасалды: біріншіден, банктердің меншікті капиталдарының жеткіліктігі коэффициенттерін кемінде екі есеге көтеру; екіншіден, капитал деңгейін ұлғайту мақсатында шығарылатын акциялардың орналастырылуына мемлекет тарапынан қолдаулар көрсету; үшіншіден, капиталы өте төмен банктердің өзара бірігуі немесе қайта ұйымдастырылуы шараларын қарастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейтқасымов Ғ.С. Банк ісі: Оқулық. - Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2017 - 528 б.
2. Джумабекова А.Т., Сартбасова Ж.Қ. Орталық банк қызметін ұйымдастыру: Оқу құралы. - Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2015. - 205 б
3. Текущее состояние банковского сектора РК по состоянию на 01.01.2022 - <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/271028>
4. Банки Казахстана в 2022 года - <https://halykfinance.kz/research/banki-kazahstana-v-2022-goda.html?lang=ru>
5. Активы банков за месяц увеличились на 5,7% - <https://kapital.kz/finance/107873/aktivy-bankov-zamesyats-uvlichilis-na-5-7.html>